

**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

«АЛАШТЫҢ- АСЫЛ АРЫСЫ»

Халел Досмұхамедовтың 140 жылдығына орай

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2023

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

**Ақпараттық - библиографиялық үрдістерді
автоматтандыру бөлімі**

«АЛАШТЫҢ-АСЫЛ АРЫСЫ»

Халел Досмұхамедовтың 140 жылдығына орай

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2023

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
Д 70

Халел Досмұхамедовтің 140 жылдық мерейтойына арналған библиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Мазылбекова И.У., құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы. 2023. – 25 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

XX ғасырдың басындағы бодандықтың бұғауындағы бейқам халықты өркениеттің өріне сүйреген көсемдердің көзге шалынар басты қасиеті – олардың қай-қайсысы болсын жан-жақты «сегіз-қырлы, бір-сырлы» тұлғалар болатын. Халел Досмұхамедовтың саяси күрескер, жалынды патриот, әрі ғалым, әрі киелі өнер иесі және өз мамандықтарының білгірі болуы – кейінгі толқын жастарға үлкен өнеге.

Қазір біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, өнеріміздің, рухани мұраларымыздың терең тамырын тануға кірістік. Халқымыздың ғылымын дамытуға, тілін сақтауға, тарихын зерттеуге, өнері мен әдебиетін өркендетуге, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын ұйымдастыруға өлшеусіз үлес қосқан, аласапыран жылдарда қазақ елінің болашағын ойлап, өз өмірін құрбан еткен алыптарымыздың қатарында ғұлама ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, педагог, дәрігер, профессор Халел Досмұхамедовтың алатын орны ерекше.

Мұнда ақын шығармасын зерттеуге арналған еңбектер және ақынның өмірі мен шығармашылығы жайындағы жалпы әдебиеттер, естеліктер мен көркем туындылардың әдебиеттер тізімі берілген.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспиранттар мен оқытушыларға арналған.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

1883 жылы сәуірдің 24-і бұрынғы Орал облысы, Гурьев уезі, Тайсойған болысы, (қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы) Тайсойған құмында №4 ауылында дүниеге келген. Байұлы тайпасының Беріш руынан шыққан. Ағасы Дәулетүмбет Машақұлының ықпалымен әкесі Досмұхамед ауыл молдасынан хат таныған Халелді жергілікті орыс-қазақ мектебіне береді. Мектепті жақсы бітірген Халел 1894 жылы Теке қаласындағы Орал әскери-реалдық училищесінің даярлық класына қабылданып, оны үздік бітіреді де, тағы бір жыл қосымша класта оқуға қалдырылады.

Халел Досмұхамедов – қажырлы қоғам қайраткері

Халел Досмұхамедұлының саяси дүниетанымының бастауы Санкт-Петербургте оқыған студенттік жылдарынан басталады. Ол әскери-медициналық академияда оқыған кезінде бүкіл Ресейде болған, дүниені дүр сілкіндірген 1905-1907 жылдардағы революцияны көзімен көріп, бұқара халықтың ашу-ызасы, қанды қақтығыстар және жеңілістің ащы сабақтары рухани дүние танымы өсіп жетілген болашақ қайраткердің идеялық жағынан қалыптасуына игі ықпал етті. Қорғансыз елдің теңдігі үшін басты қауіп-қатерге тігіп, бес облыстан жиналған қазақтың зиялы азаматтары 1905 жылы Теке (Орал) қаласында Конституциялық-демократиялық саяси партия құрғанда араларында Санкт-Петербургтегі әскери медициналық академияның студенті Халел Досмұхамедұлы да бар еді.

Халелдің Ақпан және Ұлы Қазан төңкерістері тұсындағы қызметіне айғақ боларлықтай аз да болса дәйектемелер бар. Соның бірі, 1917 жылы Орынбор қаласында жалпы қазақ-қырғыз съезінің болғандығы, оған Халелдің қатысқандығы туралы «Қазақ» газеті сол жылдың 14 қараша күнгі санында айта келіп, мұнда Торғай облыстық комитетінің құрылғандығын, оған бар болғаны 14 адам (Орынбордан - 10; уездерден - 4) мүше екендігін хабарлайды. Дәл осы мезгілде Ақмола, Семей, Орал облыстық комитеттері де құрылды. Ал, желтоқсанның 5-і мен 13-і аралығында өткен Құрылтайға Халел де арнайы шақырылады. Дегенмен, ғылыми әдебиеттерде, тарихшылар еңбектерінде бұл дерек егжей-тегжейлі зерттелмеген. 1917 жылдың шілде айында Алаш қозғалысын жақтаушылардың съезі шақырылады. Оған барлық қазақ облысынан бар болғаны 20-дан астам делегат қатынасады. Осы съездің өткізілгендігіне және оған Халел Досмұхамедовтың төрағалық еткендігіне дәйектеме ретінде «Қазақ» газетінің 31-шілде күнгі санында жарияланған Қаулысын келтіруге болады. Жалпы қазақ съезінің қаулысы: «Жалпы қазақ съезі 21-шілдеде Орынборда ашылып, 26-шілдеде жабылды. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарының һәм Бөкейліктің өкілдері қатысты. Съезд төрағасы – Халел Досмұхамедов, төраға серіктері – А.Байтұрсынов, хатшылар: Ә.Көтібаров, М.Дулатов, А.Сейітов». Бұл съезде 14 мәселе қаралған, әрқайсысына байланысты бірнеше пункттен тұратын қаулылар қабылданды. Әйел мәселесі тұңғыш рет осы съезде көтерілді. Осыдан кейін, араға бес ай салып, желтоқсанда ұлттық мемлекет құруға байланысты ұлттық-территориялық Қазақ автономиясы, милиция, ұлт Кеңесі, ұлт қазынасы, халық соты туралы негізгі

мәселелерді күн тәртібіне қойған жалпы қазақ съезі шақырылды. Міне, осы съезде қазақ-қырғыз автономиясын Алаш деп атау жөнінде қаулы қабылданған еді. Халел Досмұхамедұлы осы кезеңде қандай қызмет атқарды десек, бұл туралы 1930 жылдың 10-наурызында өз қолымен орыс тілінде жазылған ғұмырнамадағы мына бір жолдардан жауап алуға болады. Патша өкіметі құлатылған соң, 1917 жылы сәуірде қазақтардың Орал облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. 1917 жылы желтоқсандағы жалпы қазақ съезінде Алашорда Халықтық-революциялық кеңесінің мүшелігіне өтті. Мұнда Кеңес үкіметі орнағанға дейін Земстволық мәдени-ағарту жұмыстарын атқарды. 1918 жылы наурыз айының соңында Халел Жанша Досмұхамедұлымен бірге Мәскеуде РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И.Ленинмен, ұлт мәселесі жөніндегі Халық Комиссары И.В.Сталинмен Қазақ автономиялы республикасын құру туралы келіссөз жүргізеді. Өкінішке орай, бұл келіссөз нәтижесіз аяқталады. Бұдан кейін Халел Досмұхамедов Түркістан және Қазақ Кеңес автономиялы республикаларында әр түрлі қоғамдық-саяси қызметтер атқарды.

Халел – ағартушы-педагог

Халел қажырлы қоғам қайраткері болумен қатар, ағартушы, ғалым, дәрігер екендігін де есте ұстауға тиістіміз. Ұлы Қазан төңкерісіне дейін қазақтар арасында арнаулы білімі бар 20 ғана дәрігер даярланды. Халел 1913-1920 жылдары Темір уезінде учаскелік дәрігер қызметін атқара жүріп, оба ауруын жою ісіне қатысады. Ауруға сапалы медициналық көмек беретін ешкімнің болмағанына, сүзектен, суық тиюден, мерезден,

обадан, тырысқатан, қарасан, қызылша, безгек, туберкулез т.б. аурулардан халық жаппай қырылып жатқан кезде, осынау үркердей топтың қарлығаштың қанатымен су сепкендей болмашы іс-әрекетінің өзі біраз адамдардың өмірін арашалап қалды. Сол бір үркердей топтың ішінде қазақтың Ибн-Синасы (Европаша Авиценна), ғұлама ғалымы, сан қырлы дарын иесі, Халел Досмұхамедұлының болуы, әрине, үлкен тағылым алар мақтанш! Қазақ халқы алдындағы перзенттік парызына өмірінің соңғы сәтіне дейін адал болған Халел Досмұхамедовұлы – халқымыздың тарихы мен мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған біртуар перзенттердің бірі. Күні кешеге дейін бүгінгі ұрпақ оны «Алашорданың» көрнекті қайраткерлерінің бірі ретінде ғана білген болса, оның ғылыми-ағартушылық, педагогикалық мұрасы жеткілікті зерттелмеді. Кезінде жеке адамға табыну мен заңсыздықтың құрбаны болған Халел Досмұхамедұлы өз өмірінің ішінде артына орасан зор сарқылмас мұра қалдырды. Бүгінгі жазылып отырған мақала арқылы, қайтпас та, қажымас қайраткер, дара да, дана тұлға, әмбебап энциклопедистің ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеп, кеңінен насихаттап, сол мұраның асылдарын халқымыздың рухани мүддесіне жарайды деген сенімдеміз. Халел Досмұхамедов ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократиялық бағыттағы зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі. Ол – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, ағартушы – педагог Қазақстанда және Түркістанда ғылым мен білім беру, денсаулық сақтау ісін талантты ұйымдастырушы болды. ХХ-ғасырдың 30-шы жылдардың екінші жартысынан бастап, валютаристік шешімдердің, қоғамдық және партия өмірі саласында өрескел жіберілген қателіктердің, әкімшілік-әміршілдік басқару әдісінің күшеюі,

қазақ халқына қарсы бағытталған ауыр қылмыс түрінде байқалған және жеке адамға табынудың шектен шыққан өрескел көрінісінің кезеңі басталғанын тарихи құжаттар дәлелдейді. Белгілі ғалым, академик–жазушы Зейнолла Қабдоловтың сөзімен айтқанда, шын мәнінде халқымыздың ояну дәуірі туғызған алыптардың қатарында жарық жұлдыздар шоғыры секілді Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқаев есімдерімен қатар Халел Досмұхамедов есімінің аталуы бұл өмірге сирек келетін дарын иесі, әмбебап ғалым Халел бабамызға берілген әділ баға болып табылады. Халел Досмұхамедұлы Атырау облысы Қызылқоға өңірі, әсіресе Исатай мен Махамбеттей сынды қол бастаған батырларды пана еткен, Мұрат сынды ел мұңын жырлаған жыраулар шыққан, қазақ әдебиеті мен өнерінің талай-талай өкілдері өскен Тайсойған жерінде он тоғызыншы ғасырдың аяғында дүниеге келіп, сол заманның, сол қоғамның ең таңдаулы өкілдері ғана оқитын жоғары оқу орны Санкт-Петербургтегі Императорлық әскери–медициналық академияны алтын медальмен бітіру–бұл таңғажайып қабілеттің, табиғат сыйлаған ерекше дарынның белгісі емес пе? Студенттік жылдары Санкт-Петербургте жас Халел Досмұхамедовтың ағартушылық дүниетанымының қалыптасуына ерекше әсер еткен әлемге аты белгілі ғұлама ғалымдар академияның алғашқы ұстаздары: ғұлама физиолог-психолог, ғалым, Нобель сыйлығының лауреаты, академик Иван Петрович Павлов, көрнекті шығыстанушы, академик Василий Васильевич Радлов, қазақ лингвистикалық мектебінің негізін салушы, Ресей ғылым академиясының мүше – корреспонденті, профессор Бодуэн де Куртунэ.

Ғұлама ғалым

Халел Досмұхамедовтың табиғи дарынының ғұлама ғалым ретінде бай мүмкіншіліктерінің жан-жақты дамыған кезеңі – кеңестік кезеңде болатынды. Оның энциклопедист ғалым ретінде қоғамдық-педагогикалық, ғылыми жұмысының ең жемісті кезеңі 1920-жылдан бастап, 1930 жылдарға дейінгі Ташкенттік кезеңі. Бұл кезең Х.Досмұхамедовтың әртүрлі қоғамдық, мемлекеттік, ғылыми-педагогикалық, оқу ағартушылық, ұйымдастырушылық, ұстаздық сан-қилы, әртүрлі деңгейдегі жауапты жұмыстарды атқарумен тығыз байланысты. Бұл кезеңде Х.Досмұхамедовтың сіңірген еңбегі мен жан-жақты ғылыми және рухани мұрасын дұрыс бағалау үшін сол кездегі республикамыздың қоғамдық-саяси, ағарту майданында өзімен бірге ат салысқан, әділдіктің туын биікке көтерген белгілі қоғам қайраткерлері мен ұлтымыздың зиялылары, өз тұтастары мен ғылыми ортамен тығыз байланыста, бірлікте қарастырған жөн. Сол кездегі белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері, ғалымдар, қазақ өнері мен мәдениетінің танымал майталмандары Халелмен бірге Ташкенде Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов, Мұқтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Темірбек Жүргенов, Әлімхан Ермеков, Мұқамеджан Тынышбаев, Әбубәкір Диваев және т.б. Түркістан Республикасының басшы орындарында ғылыми мекемелер, халық ағарту орындары мен жоғары оқу орындарында жұмыс істеді. Бұл кезеңде оның бүкіл ғылыми-педагогикалық, шығармашылық еңбектерінің дүниеге келуі осы кезеңде іске асты. 1920 жылы «Алаш» партиясы таратылып, оның Батыс бөлімінің жетекшілерінің бірі Халел Досмұхамедұлына Кеңес үкіметі тарапынан кешірім жасалды. Осы жылы ол Ташкент

қаласына келіп, Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау және Халық ағарту комиссариаттарында жауапты жұмыстармен қатар, жоғары оқу орындарында ұстаздық және ғылыми-педагогикалық, шығармашылық жұмыстармен айналысты. Х.Досмұхамедов Ташкентте өткізген 10 жылының ішінде шын мәнінде Қазақстан мен Орта Азияда денсаулық сақтау жүйесінің алғашқы ұйымдастырушысы болды. Ол өзінің ғылыми-педагогикалық қызметімен өлкеде маман кадрларды даярлауға, халықтың денсаулығын сақтауды ұйымдастыруға, халық ағарту ісі мен жоғары білімді дамытуда ерекше үлес қосты. Әсіресе, ол Ташкент қаласында ұлт зиялыларын өз төңірегіне топтастыра отырып, ұлт мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған алғашқы қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда сіңірген еңбегін ерекше атауға тиіспіз. ХХ-ғасырдың бас кезінде Х.Досмұхамедов Халық ағарту Комиссариатының Білім комиссиясын басқарып тұрған кезінде бір топ қазақ зиялыларына қазақ тілінде жоғары оқу орындары мен ұлт мектептеріне арналған әртүрлі ғылым саласында оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға тапсырма беріп, ұсыныс жасады. Алғаш рет қазақ топырағында Мағжан Жұмабаев қазақ тілінде «Педагогика» оқулығын, Жүсіпбек Аймауытов «Психология» оқулығын жазды. Бұл оқулықтардың бүгінгі күнге дейін өз мәні жойылған жоқ. Ол оқулықтар бүгінде баспадан қайта басылып, қазақ студенттерінің қолдан-қолға түспейтін оқу құралдарына айналды. Бүгінде қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жасақтау, оның сапасын арттыру мәселесіне Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында ерекше мән берілген болатынды. Әсіресе, қазіргі мемлекеттік тілде жазылған оқулықтардың сапасын жаңартуға ерекше назар аударды. Қазір ұлт мектептері мәселелері күн тәртібіне қойылып отырған

жағдайда ХХ ғасырдың 20-жылдарының өзінде ең алдымен халыққа қажет кезек күттірмейтін зәру мәселелерді оның ішінде тұңғыш қазақ тілінде оқулықтар жазуды қолға алуы, оның көрегендігін аңғартады. Ана тілінің, мемлекеттік тілдің жәйі, ұлт мектептерінің, ұлттық терминология мәселелері бүгінгі таңда да өзекті, маңызды, күн тәртібінен түспей отырған мәселелер болып табылады.

Х.Досмұхамедұлының ғылыми мұрасы

Оның Қазақстанда жоғары мектептің қалыптасуына, ұлт кадрларын даярлауда, баспа ісінің қалыптасуына, жаңа ашылған қазақ мектептері үшін оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жасауда өзіндік қолтаңбасы бар ғұлама ғалым. Халел Досмұхамедов – жаратылыстану цикліндегі пәндер бойынша алғашқы қазақ мектептеріне арналған оқулықтардың авторы. Оның қаламынан, әсіресе, I және II сатыдағы қазақ мектептеріне арналған «Өлі табиғат» оқулығы (1920), «Жануартану» (3 бөлімнен тұрады), «Табиғаттану» (1922), «Оқушылар гигиенасы» (1925), «Адамның тән тіршілігі», «Денсаулығыңды сақта» және т.б. оқулықтары кезінде жаңадан ашылып жатқан қазақ мектептеріне өте қажетті оқулықтар болған болса, бүгінде өз мәнін жойған жоқ. Х.Досмұхамедұлының ғылыми мұрасының ең негізгі бағыттарының бірі – тіл білімі мен әдебиет, тарих және этнография мәселелері. Оның «Қазақ әдебиеті», «Аламан», «Мұрат ақынның сөздері», «Шернияз шешен», «Исатай-Махамбет», «Жалаңтөс батыр шежіресі», «Диуани лұғат ат түрік», «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы» атты ғылыми еңбектерін жазуы, оның жан-жақты терең, энциклопедиялық білімін аңғартады. Архив деректеріне сүйене

отырып Х.Досмұхамедовтың ғылыми-зерттеу еңбектерін 5 арнаға бөліп қарастыруға болады: 1-баспа бетінде жарық көрген ғылыми-әдеби, әдістемелік еңбектері мен мақалалары; 2- жариялауға даярланған қолжазбалары; 3- жалпы редакциясын басқарған еңбектерінің тізімі; 4- аударма еңбектері (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты, 81-қор, 1-тізбе, 1051-іс, 342-табақ). Х.Досмұхамедовтың сан-сапалы ғылыми мұрасының ішінде халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері, ғалым-педагог ретінде Қазақстанда Жоғары педагогикалық мектептің қалыптасуы мен дамуы тарихында алатын орны ерекше. Қазақстанның өзінің жоғары оқу орындарының болмауы, арнаулы білім беретін мектептердің аздығы педагогикалық кадрларды шешуде айтарлықтай қиындықтар туғызды. Республика жағдайында сол жылдары педагогикалық жоғары оқу орындарын ұйымдастыруда ешқандай да мәдени және материалдық жағдай болмады. Шамасы келгендер ғана жоғары оқу орындарына бара алатын. XX-ғасырдың 20-шы жылдарының бас кезінде негізінен маман кадрлар республикадан тыс жерлерде Санкт-Петербургте, Москвада, Қазанда, Омбыда, Уфада, Ташкенде, Астраханда және т.б. қалаларда даярланды. Міне осындай қиын кезде Қазақстанда жоғары оқу орнын ашу ауадай қажет болды. Бұл мәселе республика құрылған күнінен бастап, әртүрлі ұйымдар мен мекемелерде талқылана бастады. Әсіресе, педагогикалық білім беру саласында оқу орнын ұйымдастыру қажеттілігі ерекше сезілді. Сондықтан да республика үкіметі алдына жоғары педагогикалық оқу орнын ашу туралы мәселе алғаш қойылғаннан бастап, Х.Досмұхамедов осы мәселенің басы-қасында болып, оны ұйымдастыруда орасан зор еңбек сіңірді. Жоғары оқу орны республика астанасында ашылуы қажет еді.

Алайда, оқу үйінің болмауы, маман ғылыми қызметкерлердің жетіспегендігінен, Қазақстанға жақын орналасқан сол кездегі ірі мәдени арталық Ташкент қаласында уақытша ашуға тура келді. Ташкентте ол кезде бірнеше жоғары оқу орындары болды, оның ішінде 1920 жылы Орта Азия мен Қазақстанда бірінші болып, Түркістан университеті ашылған. Кейіннен Орта Азия университетіне айналды. 1920 жылы 2 желтоқсанда Ташкентте қазақ тілінде оқитын Қазақтың халық ағарту институтын ашу туралы Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысы жарияланды (қараңыз: Түркістан Орталық атқару Комитетінің хабаршысы, 1920, 2 желтоқсан). Осы ірі мәдени орталықта Қазақтың халық ағарту институты тез қарқынмен нығайып, өз қызметін жан-жақты дамытты. Оның оқу-тәрбие және ғылыми жұмысына Х.Досмұхамедұлы да белсене араласты. 1925 жылдың 15 тамызынан бастап, Ташкент қаласында «Қазақтың жоғары педагогикалық институты «Казпедвуз» деген атпен ашылып, жұмыс жасауға кіріскен болатын-ды. Бұл педагогикалық институттың оқу жоспарын жасау үшін аранйы комиссия құрылып, оның құрамына Ташкент қаласындағы белгілі әдіскерлер мен профессор ғалымдар шақырылды. Шақырылғандардың ішінде доктор Х.Досмұхамедов, профессор Н.А.Димо, профессор Шмидт, профессор В.И.Романовский, профессор Н.Н.Фиолетов, доцент Д.М.Барботкин, профессор Н.Л.Лаппо-Данилевский және басқалар болды. (Қараңыз: ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, 81-қор, 1-тізім, 1210-іс, 26-табақ). Халел жетекшілігімен жұмыс істеген комиссия Ташкенттегі Қазақтың Жоғары педагогикалық институтының оқу жоспарының жобасын жасағанда РСФСР педагогикалық институттарының жобасынан өзгеше жасалынды. Мұндағы басты қағида – пәндер

бағдарламаларында жергілікті ұлттық ерекшеліктерді ескеру. Ташкенттегі Қазақтың жоғары педагогикалық институтының жұмысына Орта Азия университетінің ең таңдаулы ғалымдарымен қатар Москва және Ленинград қалаларынан белгілі академия ғалымдар В.В.Бартольд, С.Е.Малов түрік-мангол халықтарынан тарихынан және т.б. ғалымдар шақырылды. Сонымен қатар институтта оқу-тәрбие жұмысы мен дәріс беруге жергілікті қазақ зиялыларының арасынан шыққан Темірбек Жүргенов, Әлімхан Ермековтермен қатар профессор Х.Досмұхамедовта болды. Ташкент қаласында ұйымдасқан Қазақтың жоғары педагогикалық институтының тұңғыш ректоры болып, Орта Азия университетінің түлегі, халық ағарту ісінің көрнекті қайраткері Темірбек Жүргенов тағайындалды, оның проректоры болып Х.Досмұхамедұлы жұмыс істеді. Ол институтта педология пәнінен дәріс берді. 1928 жылы Ташкент қаласындағы Қазақтың жоғары педагогикалық институтының негізінде ұйымдасқан Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны – қазіргі Абай атындағы Қазақтың ұлттық мемлекеттік университетінің негізін қалаушылардың бірі, бірінші проректоры Халел Досмұхамедов болды. Ол 1924 жылы Ресей академиясы Орталық өлкетану бюросының корреспондент мүше болып сайланды. 1929 жылы университеттің педология кафедрасының профессоры ғылыми атағына ие болды. Қазір біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, өнеріміздің, рухани мұраларымыздың терең тамырын тануға кірістік. Халқымыздың ғылымын дамытуға, тілін сақтауға, тарихын зерттеуге, өнері мен әдебиетін өркендетуге, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын ұйымдастыруға өлшеусіз үлес қосқан, аласапыран жылдарда қазақ елінің болашағын ойлап, өз өмірін құрбан еткен алыптарымыздың

қатарында ғұлама ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, педагог, дәрігер, профессор Халел Досмұхамедовтың алатын орны ерекше. Осыған орай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Досмұхамедовтың өміріне, шығармашылығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференциялар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Соңғы жылдары елі үшін аянбай еңбек еткен қоғам қайраткерінің, ғұлама ғалымның мұралары зерттеле бастады. Өмірі мен шығармашылығы туралы еңбектер жарық көрді. 1998 жылы таңдамалы шығармаларының жинағы басылды. Сөз соңында айтарымыз, Х.Досмұхамедов ХХ ғасырдың отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, заңдылықты бұзудың кінәсіз құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ зиялыларының қыруар қайраткерлері қатарындағы ірі тұлғалардың бірі. Ол аса көрнекті мемлекет, қоғамдық-саяси қайраткер, үлкен ғалым және профессор. Халел Досмұхамедовтың қайраткерлігіне және еңбегіне баға беру болашақ жас ұрпақты рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін керек. Алдағы жылдарда ұлт ардақтысының халқы үшін жасаған еңбектерін зерттеу-зерделеу жалғасын таба бермек.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

- ✓ Білім алуға көп еңбек, аса сабыр керек. Білім алудың жолы көп. Ең көптісі – жақсы мектеп, білімді мұғалім. Мұнан қалса көпке түсінікті жазылған білім кітаптары.
- ✓ Еңбексіз білім жоқ. Еңбексіз елді ағартып, тездеп мәдениетті қыламын деген ой – ақылдан ауысқандық.

- ✓ Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек.
- ✓ Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілі көркейтіп, байытып, гүлдендіреді, мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.
- ✓ Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі – зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек.
- ✓ Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айырылған жұрт — жойылған жұрт. Тілімізді бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру.
- ✓ Мәдениет қуған жұрттың ең алдымен, тілі өзгермекші. Шеттен кірген білімін әдетпен, заң мен жаңалықтарға түсінік беретін жаңа сөздер келмекші. Тілге кірген жаңа сөздердің көбі өлкеге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы.

- ✓ Әдебиет тілінің қаруы – баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп деген адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды.
- ✓ Ақындық – табиғаттың сыннан таңдап бірен-саран адамдарға таңдап беретін артық өнері. Тілді бұзбай ұстарту, шеберлеу, байыту ақындардың мойнына артылған зор борыш.
- ✓ Елімізде салтымызға, тұрмысымызға сай түзелген көп ойындар бар. Бұларды менсінбей, ұмытып барамыз. Бұл жарамайды. Біздің кейбір ойындарымызға Еуропа жата танданады.
- ✓ Қазақ баласының шыр етіп жерге түскеннен бастап, кәмелетке толғанға дейінгі тыныс-тіршілігі ән, жырдың құшағында өтеді. Қазақ баласын тәрбиелеуде дыбыстық ырғақтардың басты орынға шығуы, сірә, халық әдебиеті мен халық әндерінің кең тарап дамуы, оның тәрбие құралы болуы себеп болса керек.
- ✓ Қазір бізге әрбір жыл, ай, апта, күн қымбат. Әдетте, қазақ халқының сөз бұйдаға жаны қас. Жазған мақала, кітабымыз, сөйлеген сөзіміз, жасаған баяндамамыз осы тағдыр-талайы ауыр ұлтымыздың уақытын ұтатындай болып туу керек. Біз ұйымды есеп үшін құрмаймыз, елдің мәдени-ағарту жағдайын титтей де болса ілгерілете ме деп құрамыз.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1991

1. Досмұхамедұлы Х.

Аламан: ғылыми-танымдық әдебиет / Х. Досмұхамедұлы; Құраст.: Г. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 176 бет.

2. Досмұхамедұлы Х.

Исатай-Махамбет: Махамбет жырларының тұңғыш басылымы: Тайманұлы Исатайдың туғанына 200 жыл толу мерейтойына арналады / Х. Досмұхамедұлы. - Алматы: Кітап, 1991. - 256 бет.

1995

3. Жарықбаев К.

Қазақ тәлім-тәрбиесі: оқу құралы / К. Жарықбаев, С. Калиев. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

4. Карпык А.Х.

Абай. Наследники. На перепутье: сборник биографической информации / А.Х. Карпык. – Алматы.: Агентство «Аль – Халел», 1995. – 304 с.

1996

5. Нұрпейісов К.

Халел Досмұхамедұлы және өмірі мен шығармашылығы. / К. Нұрпейісов. – Алматы: Санат, 1996. – 176 бет.

1998

6. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы: қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі, медицина, биология, табиғаттану салаларына қатысты зерттеу мақалалары және оқулықтарынан үзінді / Х. Досмұхамедұлы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет.

2001

7. Қазақ прозасы. Хрестоматия. 3-томдық 2-том. XIX-XX ғасырлар.: оқу құралы / Құраст.: Х.Ж. Сүйіншәлиев. – Алматы: Ғылым, 2001. – 672 бет.

2002

8. Озғанбай О.
Жарығы өшпейтін жұлдыз / О. Озғанбай. – Алматы: Үш қиян, 2002. – 232 бет.

2006

9. Озғанбай О.
Дорога в будущее: Халел Досмұхамедұлы: жизнь и судьба / О. Озғанбай. – Алматы: Үш қиян, 2004, 2006. – 216 с.

2007

10. Нұрпейіс К.

Тарихи тұлғалар / К. Нұрпейіс; Жауапты ред. Б.Аяған. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. - 376 бет. - (Тұлғалар)

2008

11. Досмұхамедұлы Х.

Таңдамалы еңбектері - Избранные труды / Х. Досмұхамедұлы; Құраст.: Г.Әнес. Екі тілде. - Астана: Астана Полиграфия, 2008. - 400 бет.

12. Ескендірұлы М.

Алаш Орда министрлері / М. Ескендірұлы; Екі тілде. - Алматы, 2008. - 114 бет.

13. Иманғалиева Н.Т.

Х. Досмұхамедовтың (1883-1939) психологиялық көзқарасы: автореферат / Н.Т. Иманғалиева. - 2008. - 24 бет.

14. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) аймағындағы түрік-мұсылман халықтарын заман талабына бейімдеудің тарихи тәжірибелері: халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. 14-15 қараша. Алаш қозғалысының 90, Т.К. Жургеновтің 110, Х.Досмұхамедовтың 125 жылдығына арналады / Жауапты хатшы: А.Т. Мәден. Екі тілде. – Ақтөбе: Принта, 2008. – 307 бет.

15. Мукашева З. Халел-ученый и политик / З. Мукашева, Л. Егибаева // Актюбинский вестник. – 2008. – 23 октябрь.

16. Мұхамбетов Ж.

Қазақ диалектологиясы: (Практикалық курс). Оқу құралы / Ж. Мұхамбетов. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. - 400 бет.

2009

17. Ахметова М. Репрессивные казахские ученые (Х.Досмухамедов, Ж.Аймауытов, М.Жумабаев) и их роль в судьбе Т.Т.Тажибаева. / М. Ахметова // Изденіс-Поиск. – 2009. - №4. – 308-311 стр.

18. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 10 томдық. 6 том. Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып қалыптасу тарихынан (1920 - 2000 жылдар) / Құраст.: С.Калиев, К.Аюбай. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2009. - 400 бет.

2010

19. Әділқызы Г.

Халел Досмұхамедұлы-ғұлама ғалым, қоғам қайраткері: методический материал / Г. Әділқызы // Қазақ тарихы. - №6. - 43-44 бет.

20. Бермағанбет С.

Қазақ жазба әдебиеті туралы зерттеулер хақында / С. Бермағанбет // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университеті жарты ғасырдан аса уақыт аймақтық білім мен ғылымға қызмет көрсету жоғары оқу орнының 60 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық баяндамалар жинағы. - 2010. - 29-30 қазан. 17-20 бет

21. Досмұхамедұлы Х.

Қазақ - қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы (таңдамалы) / Х. Досмұхамедұлы. - Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. - 80 бет.

22. Қазақстан ғажайыптар елі: к изучению дисциплины / Идеяның авторы: Т.Досмұхамбетов. – Алматы : Print Com, 2010. – 150 бет.

23. Сіләмов А.

Алаштың ақиығы-Халел Досмұхамедов / А. Сіләмов // Қазақ тарихы. - 2010. - №: 2. - 14-16 бет.

24. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті - жарты ғасырдан аса уақыт бойы аймақтың білімі мен ғылымына қызмет көрсету / Ж.Х. Ғабит, Н.С. Досмағамбетов, А.Н. Доғалов. – Атырау: 2010. – 444 бет.

2011

25. Жарықбаев Қ.

Алаш арыстарының (Халел, Жүсіпбек, Мағжан) психологиялық мұралары – қазақ психологиясының алтын діңгегі. / Қ. Жарықбаев // Мектептегі психология -Психология в школе. – 2011. - №5. 6-95 бет.

26. Кабекенов Г.У.

Әлеуметтік педагогика тарихы: Оқу құралы / Г.У. Кабекенов, Б.Ә. Есенбаева. - 2-ші бас. - Алматы: Карасай, 2011. - 232 бет.

27. Нәсенов Б.

Әбілхайыр хан: III тарауы. XVIII бөлім - XXIII кітап. Мәскеудің архивтері сөйлейді. Санкт-Петербургтің кітапханасы сайрайды / Б. Нәсенов; Екі тілде. - Алматы; Новосибирск, 2011. - 767 бет.

2016

28. Теміров Б.

Алаш қозғалысының қайраткері. / Б. Теміров. // Жұлдыз журналы. – 2016. – № 3. – 34-42 бет.

2017

29. Жарықбаев Қ.

Қуғындалған қазақ психологиясы / Қ. Жарықбаев, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Аймауытов және т. б. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2017. - 336 бет.

2018

30. Аманаты Алаштың: балаларға арналған энциклопедия / автор-құраст: Т.Қ. Шаңбай. – Алматы: Алаштаным, 2018. – 248 бет.

2019

31. Досмұхамедұлы Х.

Адамның тән тірлігі / Х. Досмұхамедұлы. - Алматы: Қазақ тілі баспасы, 2019. - 320 бет.: суретті.

2021

24. Озғанбай Ө.

Қазақтың шешендігі мен көсемдігі астасқанда: 3-том / Ө. Озғанбай. – 2-ші бас. – Алматы: Мазмұндама қоғамдық қоры, 2021. – 432 бет

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	4
<i>Халел Досмұхамедовтың өмірі мен шығармашылығы</i>	5
<i>Халел Досмұхамедовтың нақыл сөздері</i>	16
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	19